



010000, Астана қаласы, Жангелдин көшесі 2
Тел./факс.: 8(7172) 72 41 59, 44 34 20
E-mail: gkvv@vvmvd.kz

010000, город Астана, улица Джангельдина, 2
Тел./факс.: 8(7172) 72 41 59, 44 34 20
E-mail: gkvv@vvmvd.kz

№ _____
на № _____ от _____

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Ж.Қ. Асановқа**

Құрметті Жақын Қажманұлы!

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (*бұдан әрі – Ұлттық ұлан*) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау шеңберінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушы оператор – «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ (*бұдан әрі - Қоғам*) көрсетілген қызметтер үшін үнемделген бюджет қаражатын негізсіз өзіне алу арқылы Қоғам тарапынан заңнама талаптарының бұзылуына ұшырады.

«Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес оператор мемлекеттік тапсырыс берушілер төлейтін бюджет қаражатын қорғаныстық тапсырысты орындауға және оған аванс беруге ғана пайдаланады.

Алайда, Ұлттық ұланның дауды сотқа дейін реттеу кезеңінде Қоғамды ақшаны мемлекет кірісіне қайтаруға мәжбүрлеу бойынша ықпалы заңдылықтың қалпына келуіне алып келмеді.

Аталған дау сотта талқыланып, нәтижесінде Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы, 2019 жылғы 12 наурыздағы, 2019 жылғы 1 сәуірдегі шешімдерімен және Астана қаласы азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 20 наурыздағы қаулысымен Ұлттық ұланның талап қою талаптары толық көлемде қанағаттандырылды және Қоғам мемлекет кірісіне 403 млн. теңге өтеді.

Осыған байланысты Ұлттық ұланның талап қою арыздары бойынша азаматтық істерін сот органдарының жан-жақты және әділ қарағаны үшін Сізге алғысымды білдіремін және жұмысыңызға табыс тілеймін.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы**

Р. Жақсылықов